

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Әмбебап ықшамды батареясы

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ



MP-2214

www.sven.fi

SVEN CM әмбебап ықшамды батареясын сатып алғаныңыз үшін рахмет айтамыз!

Сатып алудың алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқып, оны пайдалану мезгілі кезінде сақтаңыз.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD, Нұсқасы 1.0 (V 1.0).

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС	1
2. ТАҒАЙЫНДАЛУЫ	2
3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	2
4. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	2
5. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	3
6. БАТАРЕЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	3
7. ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ	3
8. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	4
9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	5

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.

2. ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

MP-2214 әмбебап ықшамды батареясы, ұялы телефондарды, смартфондарды, КПК, планшеттерді, ықшам плеерлерді, GPS навигаторларды, электрондық кітаптарды, сандық фотоаппараттар мен бейнекамераларды, ойын консольдер мен басқа да құрылғылар сияқты көптеген заманауи ұялы құрылғыларды жылжымалы зарядтауға арналған. Бұйым аталған құрылғыларды жол жүріс және саяхат кезінде қажетті резервтік электр қуатымен қамтамасыз етеді.

3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Ықшамды батарея – 1 дана
- Am-micro USB re USB кабелі – 1 дана
- Пайдаланушының нұсқаулығы – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

4. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Батареяны қолданар алдында қауіпсіздік шараларымен міндетті түрде танысыңыз:

- Ықшамды батареяда кіріктірме литий-иондық элементтер қолданылады, сондықтан, қысқа мерзімге тұйықталу болмау үшін және құрылғы пайдадан қалмау үшін, оның үстіне металлды заттарды қоймаңыз.
- Бұйымды зарядтау үшін тек тиісті зарядталу құрылғыларын ғана қолданыңыз, өйткені, электр қуатының басқа құрылғыларын қолдансаңыз, бұйым бұзылуы мүмкін.
- Бұйымды ыстық (45 °C астам) және ылғал (90 % астам салыстырмалы ылғалдылығында) климаттық жағдайларында пайдаланбаңыз.
- Бұйым бұзылмау үшін құрылғыны қатты соқпаңыз.
- Дұрыс жұмыс жасамаудың белгілері пайда болған кезде (бөтен иіс және т.б.) құрылғыны өшіріп, жақын жердегі сервис орталығына жолығу қажет. Сервис орталықтардың тізімін **www.sven.fi** сайтынан қараңыз.
- Балаларға ықшамды батареясын қолдануға бермеңіз.
- Бұйымды белгіленген тәртіп бойынша пайдаға асырыңыз.

Пайдалану кезінде келесі шарттарды ұстанаңыз:


- Алғаш рет қолданар алдында немесе ұзақ бос тұрып қалғаннан кейін 8-10 сағаттың ішінде ықшам құрылғыны толығымен зарядтаңыз.
- Жақсы зарядталуы үшін ықшам батареяны тиісті температурлық жағдайда қолданыңыз, -10 °C төмен емес және 45 °C асырмаңыз, оңтайлы температуралық режим – 5 °C-тан 35 °C-қа дейін.
- Зарядталу және пайдалану кезінде батарея шамалы қызады, бұл қалыпты жағдай және ақау болып табылмайды.
- Егер ықшамды батарея ұзақ уақыт қолданылмаса, ол отырып қалады, бұл өзінен өзі отырудың қалыпты жағдайы. Сондықтан, қолданар алдында батареяны зарядтаған жөн.
- Батарея қолданылмаған кезде, құрылғыны жұмыс қалпында ұстау үшін оны үш айда бір реттен сирек емес зарядтау қажет.
- Ықшамды батареяны таза ұстаңыз, тек құрғақ шүберекпен ғана сүртіңіз.

5. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Толық отырудан, қайта зарядталудан, қысқа мерзімге тұйықталудан
- Өзінен-өзі отырып қалуы төмен
- Жады әсерінің жоқтығы
- Ұзақ уақыт тұрып қалған кезінде құрылғыны ажырату үшін Auto Sleep атқарымы
- Зарядталудың индикациясы
- Қолданылуы қарапайым, жоғары КПД

6. БАТАРЕЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- 1 Зарядталудың индикаторы
- 2 INPUT: micro USB ажыратуы
- 3 OUTPUT: USB ажыратуы



1-сур. Алдынан және жанынан көрініс

7. ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ


• Ықшамды батареяны қолданар алдында оны зарядтау қажет. Зарядтау үшін компьютердің (2-сур. қараңыз) немесе зарядталу құрылғының USB-портына (3-сур. қараңыз) Am-micro USB USB кабелінің штекерін (жинақтан), ал кабельдің басқа шетін ықшам батареяның micro USB ажыратуына ② қосыңыз.

• Ұялы құрылғыларды зарядтау үшін батареяның USB-портына ③ (4-сур. қараңыз) Am-micro USB USB кабелінің штекерін (жинақтан), ал кабельдің басқа шетін ұялы құрылғының micro USB ажыратуына қосыңыз. Зарядтау үшін сонымен қатар ұялы құрылғыларға арналған қосымша ауыстырып қосқыштар қолданылуы мүмкін (жинақта жоқ).


Ескертпе. Зарядтау уақытын азайту үшін батареяны, шығуы 1A кем емес сыртқы зарядталу құрылғысынан зарядтау жөн. USB-порттан зарядтаған жағдайда ДК батареяның зарядталу уақыты ұлғаяды.



2-сур. Батареяның ДК, ноутбуктен зарядталуы



3-сур. Батареяның желілік адаптерден зарядталуы



4-сур. Ұялы құрылғылардың батареядан зарядталуы

Назар аударыңыз!

• Кіріктірілген электронды схемалары бар кабельді (AppleLightning типті кабельдер) зарядтық құрылғыларды пайдаланған кезде, шығатын жерде тұтыну тогының аз болғандығынан зарядтық құрылғы ұйқыдағы режимге көшуі мүмкін. Сондықтан мұндай типтегі кабелі бар құрылғыларды мынадай тәртіппен зарядтау керек:

1. Зарядталынатын құрылғыға кабельді жалғаңыз.

2. Кабельдің екінші жағын портативті зарядтық құрылғыға қосыңыз.

3. Зарядталынатын құрылғыны кері тәртіппен ажыратыңыз.

• Егер портативті зарядтық құрылғы (ПЗҚ) ұйқыдағы режимге өтсе және де ол зарядтайтын құрылғы қоректені алмаса, USB-micro USB (жиынтықтан) кабелін портативті батареяның шығысына (Output) қосыңыз және micro USB коннекторын оның кірісіне (Input) қосыңыз. Осыдан кейін ПЗҚ жұмысы орнына келеді.

8. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Шешімі
Батареяға қосқан соң ұялы құрылғы зарядталмайды.	1. Ықшамды батарея отырып қалған.	1. Зарядталу деңгейін тексеріңіз, батареяны зарядтаңыз.
	2. Қосылған құрылғының немесе ықшамды батареяның жалғау ажыратуларында байланыс жоқ.	2. Ажыратуларды дұрыстаңыз.
	3. Зарядталуы толық емес.	3. Батарея азған, жаңасын сатып алыңыз.
	4. Құрылғының жұмыс жасамауы.	4. Сервис орталығына жолығыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Сыйымдылығы, В/мА • ч	3,7 / 2200
Шығу кернеуі, В	4,75~5,25
Кіріс тогы, мА	1000
Номиналды шығу кернеуі, В	5,0 ± 0,25
Шығу тогы, мА	1000
Зарядталудың бағдарлық уақыты, сағат	3~4
Циклдар саны* (заряд/разряд)	500* кем емес
Өлшемі, мм	90 × 32 × 23
Салмағы, г	70

* Жұмыс циклдардың саны разрядтың тереңдігіне байланысты. Разрядтың шағын тереңдігі көп циклдар санын қамтамасыз етеді. Батарея 50 % отырған кезде циклдар саны 1000 дейін көбейеді.

Ескертулер:

- **Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар анықтамалық және наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.**
- **SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамалар алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.**

Әмбебап ықшамды батареясы

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгі: **MP-2214**

Импортёрлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «SVEN ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котлахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447.
Produced under the control of Oy Sven Scandinavia Ltd.
15, Kotolahdentie, Kotka, Finland, 48310.
Made in China.

® **Registered Trademark of Oy SVEN**
Scandinavia Ltd. Finland.

MP-2214